

Б.С. Балапашев^{1*}, А.О. Турсынбаева¹, Х.А. Шимшек²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Кастамону университеті, Түркия

(*beken.balapashev@bk.ru, aigul_73kz@mail.ru, simsekahmet@hotmail.com*)

Жалғыздық философиялық мәселе ретінде

Философия ғылымында басты сұрақтардың бірі болып саналатын жалғыздық психология, педагогика, тілтану, әлеуметтану, мәдениеттану, дінтану сияқты басқа да ғылымдардың зерттеу нысандары қатарына жатады. Жалғыздық қазіргі заманның өмір салты жағдайында ең өзекті, әрі өткір мәселелердің бірі. Жалғыздық ұғымын түсіну адамның мәнін түсінуге үлесін қосады, алайда жалғыздық феномені біркәнді, қарапайым емес. Зерттеудің негізгі әдістері отандық және шетелдік дереккөздерді мәдениеттанулық, антропологиялық, герменевтикалық, когнитивті талдау, синтездеу және жалпылау негізінде зерттеу материалдарын сипаттау, жіктеу, жүйелеу және салыстыру болып табылады. Жалғыздықты философиялық тұрғыда қарастыруда феноменология мен экзистенциализм дамыды және жүйеленді. Феноменология жалғыздықты интерсубъективтілік, яғни адамның басқа адамдармен теориялық-танымдық қарым-қатынас мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі, олардың жалпы өмір сүруін мойындау және «Мен» жалғыздығы тарапынан қарастырды. Экзистенциализмде жалғыздық жабық антропологиялық ғаламның принципіне айналып, ішкі оқшаулану жеке болмыстың негізі болды. Жалғыздықты философиялық мәселе ретінде зерттеу нәтижесінде оның барлық адамдарға тән екендігі, бірақ әр тұлға үшін әртүрлі өзіндік сипатты иеленуі айқындалды. Қоғамымызда ежелден бері кең таралған құбылысқа айналған жалғыздыққа әлемдік философияда қарама-қайшы пікірлер қалыптасты: 1) жалғыздық ежелгі қоғамда рұқсат етілген интеллектуалдық жалғыздық тұрғысынан оң бастама болып саналды; 2) жалғыздық әлеуметтік дерт қатарындағы денсаулыққа қауіпті, бақытқа қарсы, жағымсыз қасиеттерге ие, жанашырлық пен наразылық тудыратын қауіпті, көп жүзді, арамза дерт ретінде қарастырылды. Демек, ежелгі қоғамда интеллектуалдық жалғыздық данышпандар мен философтарға қызмет етті.

Кілт сөздер: жалғыздық, мәселе, феномен, бөгде, жатсыну, феноменология, экзистенциализм, тәсіл, тәжірибе, теория.

Kipicne

Жалғыздық адам болмысының мәніне, оның мақсаты мен мазмұнына қатысты мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әртүрлі ғылыми зерттеулерге сәйкес, жалғыздық дамыған және дамушы елдер халықтарының ең алуан түрлі топтарына әсер ететін жаһандық, әмбебап мәселеге айналуға [1; 47-48]. Жалғыздық мәселесі сырт көзге көрінбейді, әрі бұл мәселенің белгілері сансыз, өзгермелі, көптеген жеке және әлеуметтік қайшылықтармен өзара байланыста болады [2; 98].

Адам ең алдымен қоғамда басқа адамдармен бірге өмір сүретін, әлеуметтік тіршілік иесі болып табылады, демек, теориялық тұрғыдан ол жалғыздық сезімін бастан кешірмеуі керек. Соған қарамастан, шынайы өмірде адамдардың оқшауланып өмір сүруі, ешкіммен араласпауға тырысуы және жабық өмір салтын ұстануы жиі кездеседі. Жалғыздық мәселесі адамдардың бір-бірінен алшақтауымен, дәстүрлі отбасылық іргетастар мен ұжымдардың ыдырауымен сипатталатын постиндустриалды дәуірде ерекше өзектілікке ие болды [3]. Біздің жаңа, прогрессивті технологиялар дәуірімізде адамның жалғыздығы мәселесі бұрынғыдан да маңызды. Әртүрлі әлеуметтік желілерде көптеген таныстары мен достарының, жұмыста немесе кез келген басқа қызметте әртүрлі байланыстардың болуына қарамастан, қазіргі уақытта адам көбінесе жалғыз қалады. Тікелей байланыстың құндылығы төмендеп, жалғыздыққа, қоғамнан кез келген жолмен аулақ болуға ұмтылуға әкелетін анонимділік, әлеуметтік жатсыну сияқты құбылыстар көбейіп барады.

Дегенмен, жалғыздық соңғы уақытта қалыптасқан, заманауи мәселе емес, ол бүкіл тарихи үдерісті қамтитын, әрқашан адамды мазалайтын мәселелер қатарында. Жалғыздық мәселесі философияның басты мәселелерінің бірі саналады [2-3]. Жалғыздық мәселесі әрқашан назарда болып, көптеген философтарды алаңдатып келді. Алайда, бұл мәселе рационалды сипаттауда қиындық тудыратын, ұғымның күрделі әрі қарама-қайшы философиялық мазмұнымен айқындалады [1; 2]. Осыған орай,

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: *beken.balapashev@bk.ru*

зерттеудің алға қойған мақсаты жалғыздық мәселесін әлемдік еңбектерде тұжырымдалған философиялық тәжірибе тұрғысынан түсініп, сипаттау болып табылады. Бірмәнді, қарапайым ұғымдар қатарына жатпайтын жалғыздық мәселесін айқындау адамның мәнін түсінуге үлесін қосатыны сөзсіз.

Зерттеу әдістері

Мақалада жалғыздық мәселесін зерттеуде феноменологиялық, экзистенциалды және гуманистік тәсілдер және осы мәселені түсінуде әлемдік зерттеушілердің еңбектерінде тұжырымдалған философиялық тәжірибе қарастырылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік дереккөздерді мәдениеттанулық, антропологиялық, герменевтикалық, когнитивті талдау, синтездеу, жалпылау ғылыми әдістері қолданылады. Философиялық зерттеу әдістері арқылы объективті зерттеу жүргізіле отырып, зерттеу материалдарын сипаттау, жіктеу, жүйелеу және салыстыру жүзеге асырылды.

Нәтижелері мен пікір-талас

Жалғыздық мәселесі педагогика [4], тілтану [5-6], психология [7], мәдениеттану [8], әлеуметтану [9-10], философия [1-3] шеңберінде кеңінен қарастырылған. Алайда, жалғыздық мәселесіне қатысты қолданыстағы әлеуметтік-философиялық тәсілдер мен бағыттар жеткілікті түрде дамымаған, өйткені бұл тәсілдерге жалғыздық феноменін философиялық тұрғыдан пайымдау жетіспейді [2].

Н. Бердяевтің пайымдауынша, «жалғыздық — қарама-қайшылық. Жалғыздық — қайғылы. Бірақ... жалғыздық арқылы тұлға дүниеге келеді» [11]. Жалғыздық жағдайы, әдетте, екі тұрғыдан қарастырылады: жалғыздықты бастан өткерген адамның ішкі әлемі тұрғысынан және жалғыз адамның әлеуметтік ортасы тұрғысынан. Бірінші жағдайда зерттеушілерде «Адамда өзін жалғыз сезінуге мүмкіндік беретін не бар?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап іздеуде тұлғаның психикалық көзқарастары, ойлауы, мінез-құлық үлгілері, өзін-өзі бағалауы, әдет-ғұрыптары, өмірлік тәжірибесі — тәрбие, қалыптасу және даму процесінде қалыптасатын барлық нәрсе жан-жақты талданып, зерттеледі. Екінші жағдайда «Қандай әлеуметтік шындық адамға немесе әлеуметтік топқа жалғыздық күйін бастан кешіруге мүмкіндік береді?» деген сұрақ туындайды. Бұл жағдайда зерттеу объектісі ретінде белгілі бір әлеуметтік топтың өмір салтында жағымсыз өзгерістерге әкелетін, олардың стрестік тәжірибелерін тудыратын әлеуметтік үдерістер, құбылыстар, өзгерістер, және соның салдарынан тұрақтылықты, қауіпсіздікті жоғалту, бөтендік пен жалғыздық жағдайының пайда болуы мен шиеленісуі қарастырылады [2; 97].

Жалғыздық денсаулыққа қауіпті және бақытқа қарсы әмбебап дерт ретінде танылуда [12; 48]. Жалғыздықты адам болмысы, тұлғааралық қарым-қатынасқа ең іргелі антипод ретінде қарастыруға болатыны даусыз. Аристотельдің пайымдауынша, қоғамнан тыс адам — не құдай, не хайуан. Адамды әлеуметтік контекстен жұлып алып, «құдай» немесе «хайуан» күйіне түсіретін күштер индивидуализм, эгоцентризм, оқшаулану, шеттету болып табылады. Бірақ түптеп келгенде, қоғамның әлеуметтік дамуының күрделі үдерістерін көрсететін әртүрлі тәртіптегі осы факторлардың барлығы олар үшін ортақ нәтижеге адамның өзінің трагедиялық «атомарлық» тәжірибесімен байланысты тұрақты жалғыздық, қоғамның шексіз және мағынасыз кеңістігінде жоғалу, тастанды сезіну жағдайларына әкеледі. Субъективті түрде қабылданбауы мүмкін объективті оқшауланудан айырмашылығы жалғыздық адамның «басқа» адамдар әлемімен қарым-қатынасының төмендігіне назар аудара отырып, адамның өзіне деген ішкі, рефлексиялық келіспеушілігін бекітеді [1; 47]. Платон, Аристотель секілді ежелгі авторлардың, киниктер мен римдік стоиктер еңбектерінде жалғыздық жағымсыз қасиеттерге ие екендігі көрсетілген [13-14].

Жалғыздықтың ауыр дерті жан-жақты болып келеді. Жалғыздыққа философиялауға бейім рефлексиялық субъектілер ғана бейім деп ойлау аңғалдық болар еді. Адамның материалдық байлығы да, сырттай жақсы тіршілігі де оның бүкіл өмірінің қайғылы нәтижесін қорытындылай отырып, ерте ме, кеш пе жалғыздықтың басталмауына себеп бола алмайды. «Жалғыздық анатомиясы» жинағының авторлары көптеген адамдар жалғыздықтың ең азапты күйін физикалық оқшаулануда емес, керісінше топтың ортасында, отбасымен бірге, тіпті жақын достарының ортасында бастан кешіретінін атап өтеді. Басқа адамдармен туыстық байланысын түсіну арқылы адам өзі үшін оның жоғалуының немесе әлсіреуінің апатты сипатын ашты. Бұл трагедия әрқашан «жалғыздық» деп аталмаған және әрқашан жалпы философиялық мағынаның толық тереңдігімен берілмеген, бірақ ол әрқашан адамзаттың рухани дамуының симфониясына өрілген. Адам үшін өмірлік маңызды қарым-қатынас көбінесе жалғыздыққа қарсы сенім әлемінде табылды [1; 48, 50].

Алайда, кейінгі антикалық мәдениетте адамдардың тар әлеуметтік шеңберіне данышпандар мен философтарға қызмет ететін жалғыздыққа басқаша көзқарас пайда болды [15-16]. Ежелгі қоғамда рұқсат етілген жалғыздық, интеллектуалдық жалғыздық — оң бастама болып саналды [17; 120].

Жалғыздықты теориялық және көркемдік тұрғыдан түсіну ертеден келе жатқан дәстүрге ие. Жалғыздық мәселесінің жеке философиялық концепция аясында дамуын ХІХ ғасырға жатқызуға болады. Жалғыздықтың ерекше протестанттық мотивтері ХІХ ғасырдағы американдық трансценденталисттердің философиялық тұжырымдамасын дамытудың бастамасына айналды, олардың арасында философ, жазушы және табиғат зерттеушісі Генри Дэвид Торо маңызды рөл атқарды. Ол Массачусетс штатындағы Конкорд қаласына жақын жерде Уолден тоғанының жағасында өз бетімен салған кішігірім үйде екі жыл екі айды өткізіп, өз еркімен оқшаулану философиясын дамытты. Осылайша, Г.Д. Торо кейін ХХ ғасырда танымал болған философиялық экспериментті орнатты. Ол Ральф Вальд Эмерсон басқарған Трансцендентальды клубтың ойшылдары ұсынған философиялық принципке негізделді. Ол адамның жеке басының шексіз рухани байлығын атап өтіп, оның жан дүниесіндегі сұлулыққа, жақсылыққа, кемелдікке ұмтылуға қажетті күштерді табу және жандандыру үшін тек өзіне ғана сіңіп кетудің, филистік ортадан ерекшеленудің қажет екендігіне сенді [1; 51].

Жалғыздық мәселесін қарастыруда ең дамыған және жүйеленген тәсілдер қатарына феноменологиялық және экзистенциалды тәсілдерді жатқызуға болады. Жалғыздық мәселесіне феноменологиялық көзқарас шеңберінде адамның өмір әлемі ашық динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйе өзінен тыс құбылыстармен байланысып қана қоймай, сонымен қатар осы нақты жүйенің сыртқы ортаға әсер ету сипатымен анықталатын субъективті ерекшеліктері өзара әрекеттесу тізбегін құрайды [18].

Феноменология тұрғысынан жалғыздық адамның өмірлік әлемінің жүйесіне сапалық сипатқа ие қайшылықты енгізеді. Жалғыздық жүйенің өзін бұзбайды, бірақ оның жұмыс істеуіне, субъективті табиғаты мен реттілігіне айтарлықтай әсер етеді. Жалғыздықты бастан өткерген адамның өмірлік әлемі субъективті, әлеуметтік тұрғыдан тар болады және соның нәтижесінде динамикалық, операциялық сипаты төмендейді. Тәжірибе ретіндегі жалғыздық өзіндік сана жалғыздығына айналады. Феноменологиялық көзқарас шеңберінде жалғыздық тұрғысынан адам өмірінің «осал» бірнеше аспектілері қарастырылады.

Келесі негізгі аспектілерді бөліп көрсетуге болады:

1. Әр адамның өмір жолының бірегейлігі. Бұл аспект өзін-өзі танытумен және «шығармашылық бақыты» ұғымымен тығыз байланысты болып келеді.
2. Тұлғаның мәдени кеңістігі.
3. Сыртқы орта (әлеуметтік қоршаған орта, адам қызметінің әлеуметтік өрісі).
4. Жақын әлеуметтік орта. Бұл аспект «достық», «махаббат», «серіктестік», «адамдардың қарым-қатынас бақыты» ұғымдарымен астасып жатыр [2; 99].

Адамның өмір әлеміне еніп, жалғыздық күйзеліске айналады. Бұл күйзеліс сол немесе басқа аспектілерді жүзеге асыруға қатысты тұлғаның терең үміттерінің күйреуімен сипатталады.

Феноменологияда жалғыздықтың төрт қыры бар: ғарыштық, мәдени, әлеуметтік және тұлғааралық (интимдік). Адамның табиғатпен, Құдаймен, ғаламның құпияларымен ішкі және сыртқы байланыстарының мүмкін еместігі немесе жоғалуы салдарынан туындаған стрестік тәжірибелермен айналысқанда жалғыздықтың ғарыштық қыры туралы айту орынды болады. Осындай байланыстарды білу, олардың табиғаты, сондай-ақ олардың көріну дәрежесі мен тереңдігі жеке адамның өмірлік әлемінің субъективтік ерекшеліктерін анықтайды. Жалғыздықтың мәдени қыры мәдени байланыстардың ойдан шығарылған немесе нақты үзілуімен сипатталады. Оның болуы адамға қауіпсіздік, сенімділік пен тұрақтылық сезімін берді. Жалғыздықтың әлеуметтік қыры саяси, экономикалық немесе басқа себептерге байланысты әлеуметтік оқшаулануды бастан кешіретін белгілі бір әлеуметтік топтарға қатысты болады. Жалғыздықтың тұлғааралық қыры тығыз эмоционалдық байланыстардың саны мен сапасымен анықталады. Оның болмауы әдетте жалғыздықтың ең көп таралған және ең ауыр түрі болып саналады [2; 99].

Дж. Хартог және оның әріптестерінің айтуынша, «жалғыздық қоғамымызда кең таралған құбылысқа айналуға айналуда. Айқын жалғыздық жеке және әлеуметтік рухани салауаттылық тұрғысынан да басты мәселе болып табылады» [19; 34]. Соңғы кезде жалғыздықты әлеуметтік дерт қатарына жатқызады, атап айтқанда, ол — жанашырлық пен наразылық тудыратын қауіпті дерт, көп жүзді және арамза ауру [1].

С. Кьеркегордың пікірінше, «жалғыздық — ішкі өзіндік сананың жабық әлемі, Құдайдан басқа ешкім ашпайтын дүние. Сана-сезімнің жасырын бөлігі қайғылы үмітсіздікке үңіліп, «Мен» тұрақты позициясы мәңгілік үнсіздікке бет бұрады» [20]. Демек, жалғыздық концепциясы жеке тұлғаның тағдырына оптимизмнің жоқтығы мен оқшаулықпен сипатталады. Ол адамдарды «өмірдің мәнсіздігінің, күннің баяулығының және шексіз ұзақ уақыттың ғибратты көрінісіне сусындау үшін бір рет жиналған түн тыныштығындағы жалғыз құстарға» теңейді.

Осы С. Кьеркегордың көзқарасы кейін Э. Гуссерльдің еңбектерінде дамып, экзистенциализм шеңберінде қолданыс тапты. Жалғыздық мәселесі Э. Гуссерльдің теориялық назарында болмағанымен, феноменологиялық философия адамның жеке санасының «монадалық» және «атомарлық» табиғатының ең дәйекті және ұзақ мерзімді негіздемесіне айналды. Философиялық теорияның қатандығына ұмтылған феноменологияда жалғыздық өнімді сананың әмбебап принципінің «теориялық» негіздемесіне ие болды. Абсолюттік субъективизмнің «объективті» принциптерінің «қатаң» теориясын жасауға тырысқан феноменологияның алдында тұрған күрделі мәселе философия тарихында интерсубъективтілік мәселесі (аталған индивидтің басқа танушы субъектілермен теориялық-танымдық қарым-қатынас мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі, олардың жалпы өмір сүруін мойындау) адамның («Мен») жалғыздығы мәселесі болды [21].

Э. Гуссерльдің «жалғыз рухани өмір» ұғымына әлсіз және күшті мағына беруге болады. Біріншісі, адам нақты қарым-қатынастан тыс, мысалы, үйде жалғыз болуы мүмкін. Екіншісі, жалғыз рухани өмір мен қарым-қатынас бір-біріне қайшы келмейді, бірақ бір-бірімен жанаспай, әртүрлі жазықтықта жатады. Рухани өмірдің жалғыздығы ұғымын түсіну үшін жалғыздықты рухани өмірдің немесе сананың логикалық немесе психологиялық, этикалық немесе эстетикалық, басқа да кез келген тәжірибемен қисындастырмаймыз, сананың түбегейлі қайталанбайтындығы деп түсінеміз, кез келген тәжірибеде «болуы» мүмкін айырмашылықтар тәжірибесімен байланыстырамыз. Айырмашылықтардың жалғыздығы логикалық және психологиялық, логикалық және грамматикалық, тілдік және тілдік емес тәжірибені ажыратуға мүмкіндік береді [22].

Қолданыстағы философиялық бағыттардың ішінде жалғыздық мәселесіне барынша қызығушылықпен және нақты түрде экзистенциализм жақындады. Алайда, адамдардың әдепкі, түпкі жалғыздығы туралы қағидаларын ескере отырып, сол теориялардың өкілдері адамдардың жалғыздықта қалай өмір сүретіні туралы бір пікірге келмеді [1]. Э. Гуссерль феноменологиясында ашылған жалғыздықтың әмбебап моделі ХХ ғасырдағы көптеген философтар үшін әлеуметтік өмір құбылыстарын түсінуге негіз болды. Трансцендентальды жалғыздықты өз сенімінің символына айналдырған экзистенциалды бағытты ұстанушылар үшін басты бағдар болды.

Философияда жалғыздық мәселесінің әдіснамалық қалыптасуына экзистенциализм күшті әсер етті. Феноменологияның жалғыздық мәселесін экзистенциалды түсінуге ең айқын трансформациясы француз философы және жазушысы Ж.-П. Сартрдың еңбегінде орын алды. Э. Гуссерльге қарағанда Ж.-П. Сартр дүниені батыл түрде субъектілеуге ұмтылды. Ол әлемді «Мен» және «Басқадан» тұрады деп қарастырды. Ол «кез келген «басқа» мен үшін тек объект болып қана қоймайды, сонымен бірге менің ішкі әлемімді, мені қоршап тұрған барлық нәрсені қалпына келтіреді. Соның салдарынан маған «тиісті» басқаның еріксіз ықпалымен менен қашады» [23; 449-451]. Демек, басқа адамның, одан да көп адамдар қауымының араласуы, Ж.-П. Сартрдың ойынша, жойылу, дағдарыс, қауіп, қақтығыс болып табылады.

Экзистенциализмде жеке тұлғаның жалғыздығы жабық антропологиялық ғаламның принципіне айналады. Адамның ішкі оқшаулануы кез келген жеке болмыстың негізі болып табылады. Адам әлеммен және басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсе бастаған жерде адам сөзсіз, суық, жансыз, өлі объективтілікке тап болады, ол «сыртқы» нәрсені субъективтіліктің «жауына» айналдырады, бұл өз кезегінде оның бөтенденуіне әкеледі. Өзіне жат қоғамның кеңдігінде адасып кеткен адамның жалғыздығын Ж.-П. Сартр табиғи түрде мылқау енжарлықпен, сенім мен үмітті жоғалтумен байланыстырды [1].

Экзистенциалист-философ М. Бубердің антропологиясында адам туралы түсінік Құдай мен әлемдегі құдайшылдың «кездесу орны» ұғымынан шығады [24; 384]. М. Бубердің ойынша, жалғыздық та, қауымдастық та өз алдына адам болмысының (экзистенция) іргелі фактілері емес, олар тек абстракциялар. Жалғыз адам — бұл экзистенция, яғни өмір сүру фактісі, өйткені ол басқа жалғыз адаммен өмірлік қарым-қатынасқа түседі. Қауымдастық та адамдар арасындағы өмірлік қарым-қатынастар негізінде құрылғандықтан болмыстың фактісі болып табылады. Дегенмен, адам болмысының іргелі фактісі — «адаммен адам» күйі. Басқа нақты адамнан ерекшеленетін бір адам олар үшін

ортақ салада, бірақ сонымен бірге өз салаларынан тыс қарым-қатынас жасау үшін сол адаммен байланысты болады. М. Бубер бұл саланы «арасындағы» деп атайды және оны концептуалды түсінуге мүмкін емес санайды [24; 385].

Адамның жалғыздыққа деген наразылығы ХХ ғ. Батыс философиясында пайда болған гуманистік ілімдердің жалпы тақырыбы болды. Бұл бағыттың көрнекті өкілдерінің бірі Э. Фромм адамның табиғаты оқшауланумен және жалғыздықпен келісе алмайтындығы жайында көзқарасты ұстанып, адамның жалғыздық қорқынышына әкелетін жағдайларды егжей-тегжейлі қарастырды (кеме апатынан кейін ашық теңізге шыққан адамның физикалық күші таусылғаннан әлдеқайда ерте қайтыс болуы, ерте өлімнің себебі ретінде жалғыздықта өлуден қорқу). Сонымен қатар, жеке тұлғаның жалғыздыққа деген күрт теріс қатынасын қалыптастыратын бірқатар әлеуметтік қажеттіліктерді атап өтті. Олар — қарым-қатынас, адамдармен байланыс, тұлғаның өзін-өзі танытуы, сүйіспеншілік, сана-сезім қажеттілігі, бағдарлау жүйесінің қажеттілігі және ғибадат нысанының болуы қажеттілігі. Э. Фроммның пікірінше, тұлғаны бөлшектейтін, дискретті бөліктерге бөлетін жалғыздық сезімі көбінесе агрессияға, зорлық-зомбылыққа, терроризмге, анархияға әкеледі [25].

Қазіргі қоғамда жалпы қабылданған мінез-құлық стандарттарын ұстана алмайтын және басқалармен қарым-қатынаста қиындықтар туындайтын жалғызбасты адамдарды оқшауланған адамдар ретінде қабылдау стереотиптері әлі де кең таралған. Адамдарға жалғыздық негізінде жағымсыз қасиеттерді атрибуциялау тәжірибесі бар [3; 108].

Қорытынды

Жалғыздық мәселесіне қатысты феноменологиялық, экзистенциалды және гуманистік тәсілдер мен әлемдік зерттеушілердің еңбектерінде тұжырымдалған философиялық тәжірибені зерттеу нәтижесінде жалғыздықтың барлық адамдарға тән, бірақ әр тұлға үшін мүлдем басқа көріністерге ие құбылыс екендігі айқындалды.

Қоғамымызда ежелден бері кең таралған құбылысқа айналған жалғыздық феномені философияда қатар орын алған қарама-қайшы көзқарастарға ие болып келді. Кейбір философтар мен данышпандар үшін жалғыздық ежелгі қоғамда рұқсат етілген интеллектуалдық жалғыздық тұрғысынан оң бастама болып саналса, феноменология мен гуманистік философия тұрғысынан жалғыздық басым түрде әлеуметтік дерт қатарындағы денсаулыққа қауіпті, бақытқа қарсы, жағымсыз қасиеттерге ие, жанашырлық пен наразылық тудыратын қатерлі, көп жүзді, арамза ауру ретінде қарастырылды. Экзистенциализм бағытындағы философтардың пайымдауынша, жалғыздық жабық антропологиялық ғаламның принципіне айналып, кез келген жеке болмыстың негізі болып табылса да, адам болмысының іргелі фактісі «адаммен адам» күйі екендігі айқындалды.

Әлемдік философияда қарастырылған жалғыздық мәселесін толық ашып, мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тарихи және әлеуметтік-мәдени зерттеулер тұрғысынан ұлттық философиялық идеялар мен дәстүрлерді одан әрі дамыту жалғыздық феноменін болашақ зерттеулердің басым бағытына айналуы керек. Сонымен қатар, жалғыздық мәселесін зерттеуде салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулер тұрғысынан әртүрлі көзқарастар мен гипотезаларды ұсынатын әртүрлі мәдениеттерде жинақталған және қалыптасқан теориялық және эмпирикалық материалдарды егжей-тегжейлі талдаудың жалғыздық феноменін философиялық тұрғыдан түсінуге қосар үлесі мол.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Пузанова Ж.В. Философия одиночества и одиночество философа / Ж.В. Пузанова // Вестн. РУДН. Сер. Социология. — 2003. — № 4, 5. — С. 47–58.
- 2 Юдич Е.А. Проблема одиночества в контексте философии / Е.А. Юдич // Изв. ТПУ. — 2011. — Т. 18, № 6. — С. 97–102.
- 3 Музашвили Д.З. Проблема одиночества в социальной философии / Д.З. Музашвили // Философия и общество. — 2010. — № 3 (59). — С. 101–109.
- 4 Любякин А.А. Исследование одиночества у студентов / А.А. Любякин, Л.В. Оконечникова // Педагогическое образование в России. — 2016. — № 2. — С. 149–156.
- 5 Чекулай И.В. Репрезентация концепта «Loneliness» в научной картине мира / И.В. Чекулай, С.А. Феттер // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. — 2014. — № 6 (177). — С. 128–133.
- 6 Кочеткова Т.Н. Противоречивая сущность концепта «одиночество» / Т.Н. Кочеткова // Russian Journal of Education and Psychology. — 2015. — № 9 (53). — С. 534–542.

- 7 Galanaki E. Loneliness: Thoughts on its relation with psychopathology and psychotherapy / E. Galanaki // *Encephalos*. — No 51. — 2014. — P. 14-23.
- 8 Шагивалеева Г.Р. Культурологическое и психологическое понимание феномена одиночества / Г.Р. Шагивалеева // *Концепт*. — 2013. — № 1. — С. 1–11.
- 9 Захарова Д.А. Теоретические подходы к пониманию феномена одиночества как социально-педагогической проблеме у детей-сирот / Д.А. Захарова // *МНКО*. — 2014. — № 1 (44). — С. 93–95.
- 10 Михайлова А.И. Осмысление феномена одиночества как социального явления / А.И. Михайлова // *Учёные записки Забайкал. гос. ун-та. Сер. Философия, социология, культурология, социальная работа*. — 2013. — № 4 (51). — С. 90–95.
- 11 Бердяев Н.А. Дух и реальность / Н.А. Бердяев. — М.: Изд-во «АСТ», 2007. — 381 с.
- 12 McGraw J.G. Loneliness, its nature and forms: an existential perspective / J.G. McGraw // *Man and World*. — No 28. — 1995. — P. 43-64. <https://doi.org/10.1007/BF01278458>.
- 13 Антология кинизма: фрагменты сочинений кинических мыслителей / под ред. А.Л. Тахо-Годи. — М.: Наука, 1996. — 335 с.
- 14 Антология мировой философии: [В 4 т.] / под ред.-сост. В.В. Соколов. — М.: Мысль, 1969–1972.
- 15 Аристотель. Сочинения: [В 4-х т.]. Т. 4. / Аристотель. — М.: Мысль, 1983. — 830 с.
- 16 Платон. Собрание сочинений [в 4-т.]. — Т. 2 / Платон. — М.: Мысль, 1993. — 528 с.
- 17 Aleynikova O.S. Loneliness in the History of Philosophical Culture / O.S. Aleynikova // *International Research Journal*. — No 7 (73). — 2018. — P. 119-122.
- 18 Sadler W.A. Johnson T.B. Loneliness and anomia / W.A. Sadler, T.B. Johnson; J. Hartog, J.R. Audy, & Y.A. Cohen (Eds.). *The Anatomy of Loneliness*. — International Universities Press, 1980. — P. 34–64
- 19 Hartog J. *The Anatomy of Loneliness*. / J. Hartog, J.R. Audy, Y.A. Cohen. — International Universities Press, 1980.
- 20 Кьеркегор С. Несчастнейший / С. Кьеркегор // *Северные цветы*. — Кн. 4. — СПб.: Шиповник, 1908. — С. 107–113.
- 21 Husserl E. *Logical Investigations (Vol. 1)* / E. Husserl. — Routledge & Kegan Paul, 1970.
- 22 Молчанов В. Одиночество сознания и коммуникативность знака / В. Молчанов // *Логос*. — 1997. — № 9. — 5–24.
- 23 Сартр Ж.-П. Тошнота. Избранные произведения / Ж.-П. Сартр. — М.: Республика, 1994. — 494 с.
- 24 Buber M. *Eclipse of God* / M. Buber. — Harper & Row, 1952.
- 25 Фромм Э. Иметь или быть? / Э. Фромм. — М.: Изд-во «АСТ», 2016. — 320 с.

Б.С. Балапашев, А.О. Турсынбаева, Х.А. Шимшек

Одиночество как философская проблема

Будучи одним из важных вопросов философии, феномен одиночества находится во внимании и других наук, таких как психология, педагогика, языкознание, социология, культурология, религиоведение. Проблема одиночества становится наиболее актуальной и приобретает остроту в контексте современного образа жизни. Понимание феномена одиночества ведет к пониманию сущности человека, но проблема одиночества неоднозначна. Основными методами исследования являются описание, классификация, систематизация и сопоставление материалов исследования на основе культурологического, антропологического, герменевтического, когнитивного анализа, синтеза и обобщения отечественных и зарубежных источников. Феноменология и экзистенциализм получили развитие и систематизацию в философском рассмотрении одиночества. Феноменология рассматривала одиночество с точки зрения intersubjectivity, то есть возможности или невозможности теоретико-познавательной связи человека с другими людьми, признания их общего бытия и одиночества «Я». В экзистенциализме одиночество являлось принципом замкнутого антропологического универсума, а внутренняя изоляция стала основой индивидуального существования. Однако существующие социально-философские подходы и направления, связанные с одиночеством, считаются недостаточно разработанными, поскольку этих подходов недостаточно для раскрытия его тонкостей. В результате изучения одиночества как философской проблемы было определено, что оно является общим для всех людей, но имеет разные характеристики для каждого человека. В мировой философии сложились противоречивые взгляды на феномен одиночества, который с древних времен стал распространенным явлением в нашем обществе: 1) одиночество считалось положительной инициативой с точки зрения интеллектуального одиночества, дозволенного в античном обществе; 2) одиночество рассматривалось как многогранная, коварная болезнь среди социальных болезней, опасная для здоровья, против счастья, имеющая отрицательные качества, вызывающая недовольство и сострадание. Таким образом, разрешенное в древнем обществе интеллектуальное одиночество служило мудрецам и философам.

Ключевые слова: одиночество, проблема, феномен, чужой, отчуждение, феноменология, экзистенциализм, подход, опыт, теория.

B.S. Balapashev, A.O. Tursynbayeva, H.A. Shimshek

Loneliness as a Philosophical Problem

Being one of the important issues of philosophy, the phenomenon of loneliness is in the attention of some other sciences, such as psychology, pedagogy, linguistics, sociology, cultural and religion studies. The problem of loneliness becomes the most relevant and acute in the context of the modern lifestyle. Understanding the phenomenon of loneliness leads to an understanding of the essence of man, but the problem of loneliness is ambiguous. The main research methods are description, classification, systematization and comparison of research data based on cultural, anthropological, hermeneutic, cognitive analysis, synthesis and generalization of domestic and foreign sources. Phenomenology and existentialism have been developed and systematized in the philosophical consideration of loneliness. Phenomenology considered loneliness from the point of view of intersubjectivity, i.e., the possibility or impossibility of a person's epistemological connection with other people, the recognition of their common being, and the loneliness of the "I". In existentialism, loneliness became the principle of a closed anthropological universe, and internal isolation became the basis of individual existence. However, the existing socio-philosophical approaches and directions related to loneliness are considered insufficiently developed, since these approaches are not enough to reveal its subtleties. As a result of studying loneliness as a philosophical problem, it was determined that it is common to all people, but has different characteristics for each person. In world philosophy, there are conflicting views on the problem of loneliness, which has become a common phenomenon in our society since ancient times: 1) loneliness was considered a positive initiative from the point of view of intellectual loneliness, which was allowed in ancient society; 2) loneliness was seen as a multifaceted, insidious disease among social diseases, multifaceted, insidious, dangerous to health, against happiness, having negative qualities, causing discontent. Thus, intellectual seclusion was allowed in ancient society, and served the sages and philosophers.

Keywords: loneliness, problem, phenomenon, stranger, alienation, phenomenology, existentialism, approach, experience, theory.

References

- 1 Puzanova, Zh.V. (2003). Filosofii odinochestva i odinochestvo filosa [Philosophy of loneliness and loneliness of philosopher]. *Vestnik Rossiiskogo universiteta druzhvy narodov. Seriya Sotsiologiya — Bulletin of the Peoples` Friendship University of Russia. Sociology series*, 4, 5, 47–58 [in Russian].
- 2 Yudich, E.A. (2011). Problema odinochestva v kontekste filosofii [Problem of loneliness in the context of philosophy]. *Izvestiia Tomskogo politekhnicheskogo universiteta — Bulletin of Tomsk Polytechnic University*, 18, 6, 97–102 [in Russian].
- 3 Muzashvili, D.Z. (2010). Problema odinochestva v sotsialnoi filosofii [Problem of loneliness in social philosophy]. *Filosofii i obshchestvo — Philosophy and Society*, 3 (59), 101–109 [in Russian].
- 4 Liubiakin, A.A., & Okonechnikova, L.V. (2016). Issledovanie odinochestva u studentov [Investigating loneliness in students]. *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii — Pedagogical education in Russia*, 2, 149–156 [in Russian].
- 5 Chekulai, I.V., & Fetter, S.A. (2014). Reprerentatsiia kontsepta «Loneliness» v nauchnoi kartine mira [Representation of the concept loneliness in scientific image of world]. *Voprosy zhurnalistiki, pedagogiki, yazykoznaniiia — Issues of journalism, pedagogy, linguistics*, 6 (177), 128–133 [in Russian].
- 6 Kochetkova, T.N. (2015). Protivorechivaia sushchnost kontsepta «odinochestvo» [The contradictory essence of the concept "Loneliness"]. *Russian Journal of Education and Psychology*, 9 (53), 534–542 [in Russian].
- 7 Galanaki, Evangelia. (2014). Loneliness: Thoughts on its relation with psychopathology and psychotherapy. *Encephalos*, 51, 14–23.
- 8 Shagivaleeva, G.R. (2013). Kulturologicheskoe i psikhologicheskoe ponimanie fenomena odinochestva [Culturological and psychological understanding of the phenomenon of loneliness]. *Kontsept — Concept*, 1, 1–11 [in Russian].
- 9 Zakharova, D.A. (2014). Teoreticheskie podkhody k ponimaniuu fenomena odinochestva kak sotsialno-pedagogicheskoi probleme u detei-sirot [Theoretical approaches to understanding of the phenomenon of loneliness in orphan children]. *Mir nauki, kultura, obrazovaniia — World of Science, Culture, Education*, 1 (44), 93–95 [in Russian].
- 10 Mikhailova, A.I. (2013). Osmyslenie fenomena odinochestva kak sotsialnogo yavleniia [Understanding the phenomenon of loneliness as a social phenomenon]. *Uchenye zapiski Zabaikalskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya Filosofii, sotsiologiya, kulturologiia, sotsialnaia rabota — Scientific notes of Transbaikal state university. Series: Philosophy, sociology, cultural studies, social work*, 4 (51), 90–95 [in Russian].
- 11 Berdyayev, N.A. (2007). Dukh i realnost [Spirit and reality]. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].
- 12 McGraw, J.G. (1995). Loneliness, its nature and forms: an existential perspective. *Man and World*, 28, 43–64. <https://doi.org/10.1007/BF01278458>.
- 13 Takho-Godi, A.L. (Ed.). (1996). Antologiya kinizma: fragmenty sochinenii kinicheskikh myslitelei [Anthology of cynicism: fragments of cynic philosophers' essays]. Moscow: Nauka [in Russian].

- 14 Sokolov, V.V. (Ed.). (1969–1972). *Antologiiia mirovoi filosofii: [V 4 t]. [Anthology of philosophical thought in 4 volumes]*. Moscow: Mysl [in Russian].
- 15 Aristotle. (1983). *Sochineniia [Essays]*. Vol. 4. (Vols. 1–4). Moscow: Mysl [in Russian].
- 16 Plato (1993). *Sobranie sochinenii [Collection of essays]*. Vol. 2. (Vols. 1–4). Moscow: Mysl [in Russian].
- 17 Aleynikova, O.S. (2018). Loneliness in the History of Philosophical Culture. *International research journal*, 7 (73), 119–122.
- 18 Sadler, W.A. & Johnson, T.B. (1980). Loneliness and anomia. In J. Hartog, J.R. Audy, & Y.A. Cohen (Eds.), *The anatomy of loneliness* (pp. 34–64). International Universities Press.
- 19 Hartog, J., Audy, J.R. & Cohen, Y.A. (1980). *The Anatomy of Loneliness*. International Universities Press.
- 20 Kierkegaard, S. (1908). *Neschastneishii [The unhappiest]*. *Severnye tsvety — Northern flowers, Vol. 4*. Saint-Petersburg: Shipovnik [in Russian].
- 21 Husserl, E. (1970). *Logical Investigations (Vol. I)*. Routledge & Kegan Paul.
- 22 Molchanov, V. (1997). *Oдиночество сознания и коммуникативность знака [Loneliness of consciousness and communicativeness of sign]*. *Logos*, 9, 5–24 [in Russian].
- 23 Sartre, Zh-P. (1994). *Toshnota. Izbrannye proizvedeniia [Nausea. Selected works]*. Moscow: Respublika [in Russian].
- 24 Buber M. (1952). *Eclipse of God*. Harper & Row.
- 25 Fromm, E. (2016). *Imet ili byt? [To have or to be?]*. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].